

## **Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің IV жастар Дельфийлік ойындарын өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 27 маусымдағы N 177-ө  
Өкімі

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2006 жылғы 24 - 30 қазанда Астана қаласында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің IV жастар Дельфийлік ойындарын өткізу туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қоса беріліп отырған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің IV жастар Дельфийлік ойындарын (бұдан әрі - ойындар) дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, ойындарды дайындауды және өткізуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған тізім бойынша ойындарға қатысушыларға, қазылар алқасының мүшелеріне және құрметті қонақтарға визалық қолдау көрсетсін.

5. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қоғамдық тәртіптің сақталуын және ойындарға қатысушылардың, қазылар алқасының және қонақтардың болатын, тұратын және іс-шаралар өтетін орындарда қауіпсіздігін қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі ойындарға қатысушыларды, қазылар алқасын және қонақтарды көлікпен қамтамасыз етуге жәрдем көрсетсін.

7. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі ойындарға қатысушыларға, қонақтарға және қазылар алқасының мүшелеріне медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз етсін.

8. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі ойындарды дайындау және өткізу барысын, сондай-ақ олардың ашылуы мен жабылуы бойынша салтанатты іс-шаралардың бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жария етуді қамтамасыз етсін.

9. Астана қаласының әкімдігі қаланы безендіруге және ойындарды өткізу орындарын қамтамасыз етуге жәрдем көрсетсін.

10. Ойындарды дайындауға және өткізуге байланысты іс-шараларды қаржыландыру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне және Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі - 040 "Жастар саясатын жүргізу" және 019 "Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу" республикалық бюджеттік

бағдарламалардың әкімшілері - мемлекеттік органдарға 2006 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылсын.

11. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне жүктелсін.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
2006 жылғы 27 маусымдағы  
N 177-ө өкімімен

бекітілген

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің  
IV жастар Дельфийлік ойындарын дайындау және өткізу  
жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы**

- Әйтимова - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым  
Бірғаным Сарықызы министрі, төрайым  
Әбдімомынов - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым  
Азамат Құрманбекұлы вице-министрі, төрайымның орынбасары  
Бектұров - Қазақстан Республикасының Көлік және  
Азат Ғаббасұлы коммуникация вице-министрі  
Мұстафина - Астана қаласы әкімінің орынбасары  
Сәбила Сапарқызы  
Алпысбаев - Қазақстан Республикасының Ішкі істер  
Ғазымбек Алпысбайұлы министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті  
төрағасының орынбасары  
Шабдарбаев - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау  
Алмас Тынышбайұлы министрлігінің Аппарат басшысы  
Бөлегенов - Қазақстан Республикасының Сыртқы істер  
Ерғали Бөлегенұлы министрлігі Тәуелсіз Мемлекеттер  
Достастығы істері департаментінің  
директоры  
Күзембаев - Қазақстан Республикасының Мәдениет және  
Валерий Альбекұлы ақпарат министрлігі Өнер департаментінің  
директоры  
Жүнісбаев - Қазақстан студенттері альянсының  
Алмас Серікқажыұлы көшбасшысы  
Жумин - "Қазақстан жастарының конгресі"  
Данат Есболұлы қауымдастық нысанындағы заңды тұлғалар  
бірлестігінің атқарушы директоры

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК